



• ӘЛЕУМЕТ

Аналарға онлайн мүмкіндік

Дүниеге сәби әкелген аналардың құжат тіркеу барысында қағазбастылыққа байланысты тап болатын мәселелері көп. Цифрлық даму министрі Бағдат Мусин Digital Bridge 2023 аясында өткен конференцияда аналарға арналған электронды қызметтердің аясы кеңейгенін айтты.

– Мәселен, тұңғыш балам өмірге келгенде үш жерде кезекте тұрдым. Жәрдемақы алу үшін ХҚКО-да және балабақшаға кезекке қою үшін біраз күтуге тура келетін. Сол мәселені мен болмасам жұбайым өзі қалай істер еді? Әрине, бәріне баламен өзінің баруына тура келетін, – деді министр.

Министрдің айтуынша, қазіргі таңда сәби өмірге келе сала ата-анасы баланың туу туралы куәлігін онлайн түрде рәсімдей алады. Оған қоса бала өмірге келгенде берілетін жәрдемақы автоматты түрде тағайындалады. Сәбиді сол сәттен бастап балабақша кезегіне тіркетін.

– Аналар баласына қарасын, қағазбастылықпен уақыт өлтірмесін деген мақсатта онлайн түрде осындай мүмкіндік бердік, – деді Бағдат Мусин.

Өз тілшімізден

Ауданда ауқымды жобалар бар

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапарымен Қарқаралы ауданына барды. Аймақ басшысымен кездесуге ауданның шалғай ауылдарынан да тұрғындар арнайы келген. Олар өздерін мазалап жүрген сұрағын қойып, жауап алды. Облыстық басқарма басшылары да қажетті ақпараттарды ұсынды. Облыс әкімі «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолын жөндеу жұмыстарының барысымен де танысты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуде аудан тұрғындары өзекті мәселелерін ортаға салды. Олар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдардың жағдайы, денсаулық сақтау салаларындағы проблемалар өздерін ерекше толғандыратынын байқатып, шешу жолдарын қарастыруды айтты.

Нұрлан Ақсәре кездесуде Томар ауылы тұрғындарының өтініш-тілегін аманат етіп ала келіпті.

– Әкімге үш сұрақ қойдым. Бәрі – маңызды. Бізге Мәдениет үйі мен мектепті жөндеп берсе екен дейміз. Бүркітті ауылы мен Кентөбе арасындағы жол біраздан бері жөндеуді қажет етіп тұр. Облыс әкімі бұл мәселелерді шешуге көмектесетінін айтып отыр. Солай болады деп үміттенемін, – дейді Нұрлан Ақсәре.

Аймақ басшысымен кездесуде ауылдарда интернеттің болмауы да маңызды сұрақтардың бірі болды.

– Абыз ауылында байланыс бар, бірақ интернет жоқ. Алайда, ауыл аудан орталығынан небәрі 100 шақырым жерде тұр. Ауылда 300-ден астам тұрғын, «Қазақмыс» корпорациясының 500-ден астам қызметкері тұрады. Интернет желісі – ауадай қажет, – деді осы ауылдың тұрғыны Ермек Нұржанұлы.



Ал, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі аудан аумағында сатылап шешіліп жатыр. Томар, Теректі, Бүркітті ауылдарында сумен жабдықтау жүйесі қайта жаңғыртылуда. Қарағайлы кентіндегі құбырлар толығымен ауыстырылған. «Жарлы-Қарқаралы» су құбырының құрылысы басталды. Жоба бойынша 40 шақырым құбыр салынбақ.

Бұдан бөлек, ауыл тұрғындары жайылым тапшылығына шағымданып отыр. Мал жаю үшін жерді қайтару жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі. Ауданда тозған жай-

ылымдарды қалпына келтіру жобасы да жүзеге асырылуда.

Кездесуге қатысқан тұрғындардың басым бөлігі аймақ басшысы һәм басқарма басшыларымен осындай форматта кездесудің өте ыңғайлы екенін айтады. Үйреншікті есептер жоқ, барлығы жылдам және нақты. Кезек күтіп, шаршамайсыз, жүйкеңіз жұқармайды.

Ермағанбет Бөлекпаев аудан тұрғындарының барлық өтінішін жазып, жауапты сала басшыларына әрбір сауалға нақты жауап беруді тапсырды.

Бүгінгі таңда аталған жол кезең-кезеңімен ретке келтірілуде. Жөндеу жобасы өткен жылы басталды. Биыл жоспарланған 44 шақырымның 39-ы жөнделген.



Ермағанбет Қабыдулаұлы жөндеу жұмысына жауапты мердігерге жолдың аса қауіпті жерлеріндегі шұңқырларды тегістеу қажеттігін атап өтті. Төселген асфальттың сапасын қатаң қадағалауды мұқият тапсырды.

Қарқаралы ауданында тұрғын үй мәселесін шешу жұмысы да жалғасуда. Аймақ басшысы 18 пәтерлі екі үйдің құрылыс алаңына арнайы барып, аралап көрді. Жұмыстар аяқталып, жыл соңына қарай әлеуметтік тұрғыда қорғалатын кезекте тұрғандар пәтер алады. Қазір Қарқаралы бойынша тұрғын үй кезегінде 461 адам тұр.

Аймақ басшысы күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан әлеуметтік нысандарға ат басын тіреді. Орталық стадионда футбол алаңы, жүгіру жолы және көрермендерге арналған трибуналар жаңартылмақ. Ермағанбет Қабыдулаұлы мердігерге бірқатар ескерту жасады. Құрылыс қарқыны мен жұмыс сапасы бойынша наразылықтардың бар екенін айтты. Жергілікті билік органдарына жұмысты бақылауды күшейту, толық орындалмаса және ақаулар болған жағдайда заң аясында шаралар қабылдауды тапсырды.

Тағы бір айта кетері, биыл Ш.Жандарбекова атындағы Мәдениет үйі жөнделе бастады. Аталған жұмыстар келесі жылы жалғасады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Жүлдегерлерге құрмет көрсетілді

XIX Жазғы Азия ойындарында ел намысын абыроймен қорғап, олжа салған қарағандылық жүлдегерлер облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асановпен кездесті. Ел абыройын асқақатқан жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сертификаттар табысталды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төрткүл дүние тамашалаған Азия ойындары биыл жаңа таланттарды танытты. Қазақстандық команданың өзінен көркем жүзуден бірнеше спортшылар көзге түсті. Олардың арасында қола жүлде иегерлері қарағандылық Ясмينا Тұякова, Арина Пушкина, Аделина Земс, Арина Мясникова, Наргиз Болатова, Ксения Макарова, Этери Какутия бар. Аталған спортшыларға облыс басшылығы атынан 750 мың ақшалай сертификат пен диплом берілді. Ал, батуттық гимнастикадан күміс жүлде жеңіп алған Данил Мұсабаевқа 1 млн. теңге ақшалай сый және диплом табысталды. Сонымен қатар, байдарқада есуде қола жүлде қанжығалап қайтқан Кирилл Тубаев пен семсерлесу сайысында үздік үштіктер қатарынан табылған Артем Саркисян 750 мың қаржылай



сый мен дипломға ие болды.

– Біздің спортшылар аянып қалмады. Азияда ойындарының жылдағы көрсеткішінен кем түссек те,

биыл спортшыларымыз жаңа қырынан ашылды. Алда әлі талай алар асу мен шыңдар бар. Қарағандылық құраманың көкесеген мақсаты – Олимпиада алтыны. Оның жолында



аянбай тер төгіп, тың спортшылар тәрбиелейміз деген сенімдемін, – деді көркем жүзуден Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жат-

тықтырушысы Елена Котова.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

Облыс орталығындағы орасан игі іс

Облыс орталығында абаттандыру, жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Әлихан Бөкейхан ауданы, Сұрыптау елді мекеніндегі Теміржолшылар мәдениет үйі жанындағы саябақтың абаттандыру жұмысы аяқталуға жақын. Ал, Қарағандыдағы Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінің аумағында бочча сабақтары үшін арнайы алаң толық жабдықталды. Аталған нысандарға аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары аясында ат басын тіреп, аралап көрді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саябақ сәні артады

Нақтырақ айтсақ, сахнаны толық қайта құру, бірқатар спорт және балалар алаңдарын, ескі жазғы бассейннің орнына заманауи мұз айдынын жасау сынды ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың бәрі тұрғындар өтініші ескеріліп, сол арқылы жүзеге асуда.

Мердігердің айтуынша, Теміржолшылар мәдениет үйі жанындағы нысан жұмысының 85%-ы жасалыпты. Айдың соңына дейін төсеніш төсеу және сахна құрылысы аяқталмақ. Футбол және баскетбол алаңдары, скейтпарк, воркаут-тренажерлер да орнатылған. Жүгіру һәм велосипед жолдары дайын. Мұз айдынына арналған бетон негізі толықтай дерлік аяқталыпты. Жаз күндері мұнда ролик тебуге болса, қыста конькимен сырғанауға мүмкіндік бар. Алаңның периметрі бойынша тротуарлар жасалды. Енді, бірнеше ойын алаңы және арнайы итпен серуендеу орны болады. Жасыл аймақтар ретке келтіріліп, жарықтан-



дыру тіректері мен заманауи саябақ шамдары орнатылған.

Ермағанбет Қабыдулаұлы қала әкіміне орнатылып жатқан құрылыстар мен алаңдардың сапасын мұқият бақылауды жіті тапсырды.

Сонымен қатар, жаңарту жұмыстары «Шахтер» стадионында да жүргізіліп жатыр. Мұнда стадионның шеткі аймақтары абаттандырылған.

Қала тұрғындары үшін екі футбол алаңы, воркаут-аймақ, аралас

баскетбол-волейбол алаңы ашылды. Төрт мың шаршы метрге қырлы тас төселіп, жаңа жарықтандыру тіректері және энергияны үнемдеуге арналған жоғары сапалы шамдар орнатылған.

Бұдан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев Н.Әбдіров даңғылындағы жаңа шағын алаңды да барып көрді. Мұнда үш ай бойы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мердігер көп уақытын бұрын осында болған жазғы кафелердің орнын боса-

туға жұмсағанын айтты. Ал, қазір бұл жерде балалар кешендері, қараңғыда жарқыраған заманауи әткеншектер, орындықтар, гүлзарлар жасалған. Жарықтандыру жұмысы да сапалы. Мердігер барлық орнатылған құрылыстардың сапасына 2 жыл кепілдік беретінін айтады. Жақын маңдағы үйлердің тұрғындары риза.

Аймақ басшысы Дүйсембеков көшесі, 67 мекенжайында аула аумағының қалай абаттандырылғанын да тексерді. Балалар, футбол және воркаут алаңдары салынған. Абаттандыру жұмысы келесі жылы жалғаспақ.

Сондай-ақ, облыс әкімі ІІ-ші орамдағы №10 үйдің жөнделген шатырының сапасына назар аударды. Биыл мамырда үйдің шатыры толығымен өртеніп кеткен еді. Қалпына келтіруге бюджеттен ақша бөлініп, биыл үйдің жанында жаңа футбол алаңы да салынды.

Ермағанбет Бөлекпаев Пичугин-Новоселов көшесіндегі күрделі жөндеуден өткізіліп жатқан жолды да назардан тыс қалдырмады. Жоба 2024 жылға ауысып, қалған жұмыс жалғасын таппақ. Бұл көлік көп жүретін транзиттік көше. Күн сайын вокзалға қалааралық автобустар өтеді. Топырақтың шөгуге байланысты негізді толығымен ауыстыру туралы шешім қабылданған. Нөсе-

рағарлар, жаяу жүргіншілер жолы, техникалық тротуарлар және толық жарықтандыру жоспарланған.

Бочча алаңындағы мүмкіндік

Аймақта бочча паралимпиадалық спорт түрлері үш жыл бұрын қолға алынған. Қазіргі таңда даму үстінде. Бұл ойын церебральды сал ауруының ең ауыр түрлері және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен ересектер үшін өте пайдалы. Қ.Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежінің аумағында жабдықталған бочча сабақтары үшін арнайы алаң пайдалануға берілді. Мұнда ерекше қажеттіліктері бар спортшылар жаттығып, жарысқа дайындалады.

Ойынға арналған жаңа алаңға арнайы жабын төселген. Аумақ бір уақытта екі топта сабақ өткізуге мүмкіндік береді.

Бүгінде 30 қарағандылық бочча ойынымен кәсіби түрде айналысуда. Олардың арасында жас ойыншылар да бар. Ішіндегі ең ересегі – 34 жаста.

– Бочча ерекше қажеттілігі бар балалардың дамуына мүмкіндік береді. Үш жыл ішінде жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Жақында Павлодар қаласында өткен жарысқа 5 спортшы баламызды апардық. Олар түрлі медальдар жеңіп алды. Нәти-

жесінде, команда бірінші орынға ие болды. Қазір Қазақстан Кубогына дайындалып жатырмыз. Айтпақшы, облысымыздың тағы бір спортшысы алғаш рет Грециядағы халықаралық жарыстарда республиканың атынан қатысып, ел намысын қорғайды, – деді бочча федерациясының басшысы, «Батыл жүрек» қоғамдық қорының негізін қалаушы Гаухар Әкіжанова.

Тоғыз жасар Саша Лях бочча секциясы ашылған күннен бастап айналысып жүр. Өзірге кейінгі спорттық жетістігі – Павлодардағы жарыстарда алған алтын медаль.

– Бочча сабақтарының арқасында ұлымның қолдары жақсы жұмыс істей бастады. Бұл ойын ойлау қабілетіне оң әсер етеді екен. Біз Астанада үш рет жарыста болдық. Бәрінде Саша топ жарып келеді. Жаңа алаңның құрылғаны жақсы болды. Балалар үшін ашық ауада ойнаған үйдегіден әлдеқайда жақсы, – дейді Сашаның анасы Татьяна Лях.

Облыс әкімі Ермағанбет Қабыдулаұлы ерекше қажеттіліктері бар спортшыларға алдағы уақытта жаңа жеңістер тіледі.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



Ауыл мен қала мектебі: айырмашылық азаяды



Соңғы 10 жылда еліміздегі мектеп оқушыларының контингенті 1 млн. балаға артты. Қазіргі таңда жалпы бала саны – 3,7 млн. Орын тапшылығын жою мақсатында қалаларда балаларға арналған қосымша мектептер салу қажеттілігі туындады. Осы бағыттағы «Жайлы мектептің» құрылыс жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін жалғасады. Республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат заманауи мектептер ашуға мүмкіндік бермек. Жаңа мектептерде оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де жағдай жасалады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент атап өткендей, жоба аясында елімізде 369 заманауи мектеп ашылуы тиіс. Оның ішінде, қалаларда – 205, ауылдарда 164 білім беру нысаны салынбақ. 217 ғимараттың құрылысын 2024 жылы, қосымша 152 ғимаратты 2025 жылы аяқтау жоспарланған.

Қазіргі таңда Қарағанды облысында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 12 500 орындық 18 мектеп салынбақ. Биыл 10 мектептің құрылысы басталды. Атап айтқанда, Қарағандыда 4 мектеп, Балқаш қаласында –1, Бұқар жырау ауданында – 3, Шет ауданында – 2.

Құрылыс басқармасы мамандарының айтуынша, барлық білім ошақтары бойынша конкурстар өткізіліп, мердігерлер анықталған. Құрылыс-монтаж жұмыстары басталып кетті.

– Қазіргі таңда білім ошақтарының іргетасы құйылып, құрылыс және монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік желілер қолға алынуда. Жұмыстардың мерзімдері мен сапасы ерекше бақылауда. Жаңа мектептер жеті түрлі талапқа сай 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 орындық болып, ауылда, қалада да жаңа бірыңғай стандарт негізінде салынады. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды. Әр блокта оқу кабинеттері, дәретханалар, спорт залдары болады. Балалар үшін бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларын орнату көзделіп отыр. Заман талабына сай толықтай жабдықталады, – дейді Қарағанды облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Абылай Смағұлов.

Сондай-ақ, кабинеттерге мек-



«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

тептің кез келген жерінен жылдамдығы жоғары интернетке қосылуға мүмкіндік беретін touch-экрандар орнатылмақ. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін ауыстырып киегін киімге арналған жеке сөрелер қарастырылған. Ерекше білім алуды қажет ететін балалардың қалауы да назардан тыс қалмайды.

Мектептердің сапасы маңызды болғандықтан, құрылыс жұмыстары қатаң бақылауға алынады. Бірыңғай оператор – «Самұрық-Қазына Құрылыс» АҚ өкілдері мектептер 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға берілетінін айтады.

– «Жайлы мектептің» құрылыс жұмыстарына аса жауапкершілікпен қараймыз. Мердігерлердің жұмысы да бақылауда. Компаниядан апта сайын техникалық есептер талап етіледі. Құрылыс жұмыстары барысында сапаға басымдық береміз, – дейді «Samruk-Kazyna Construction» басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов.

Басқарма төрағасының айтуынша, Қарағандыдағы «Кең дала» шағын ауданында 2000 оқушыға арналған жайлы мектеп салынууда. Жанынан футбол, қыста

хоккей ойнауға мүмкіндік беретін көпфункционалды стадион ашылады. Сондай-ақ, «Гүлдер» шағын ауданында салынатын 300 орындық мектептегі спорт ғимаратын заманауи талаптарға сай жасау – жоспарда. Дене шынықтыру сабағын бір уақытта бірнеше сыныпқа өткізбес үшін, жобалық қуатына қарай спорт залдары ашылады. Оқушыларды мектепке апаратын жаяу жүргіншілер жолы да қатаң бақылауда болмақ. Автобустар тоқтайтын аялдамаларды дайындап, мектепке апаратын жолдарға жарық беру мәселелері де мердігерлер назарынан тыс қалмайды.

2024 жылға жоспарланған қосымша 8 мектептің (Қарағанды қаласында – 4 мектеп, Приозерск

қаласында – 1 мектеп және Абай, Нұра, Қарқаралы аудандары-1) құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін, барлық жайлы мектептер жергілікті атқарушы органдардың балансына берілмек.

Жайлы мектептер салуда барынша ашықтық сақталатындықтан, құрылыс барысын интерактивті карта арқылы онлайн қадағалауға мүмкіндік бар. Мектептердің қай жерде және қашан салынатыны IP-камера арқылы көрсетіледі.

Осылайша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру оқушыларға жайлы әрі қауіпсіз жерде білім алуға мүмкіндік береді.

Ырыс алды – ынтымақ



Қара алтының Отанына Ирак Республикасының Қазақстандағы уақытша сенімді өкілі Джабер Нахма Абдуллах әл-Темими келді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев қонақты арнайы қабылдады. Кездесуде екіжақты сауда-экономикалық, гуманитарлық-мәдени, инвестициялық және білім беру байланыстарын жолға қою мәселелері талқыға түсті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ермағанбет Қабдулаұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айта келе, ынтымақтастыққа ынталы екендігін айтты.

– Біз инвестиция тартуға мүдделіміз. Нақты бизнес-жобаларды қарастыруға дайынбыз. Бір кездері тауарларды Иракка экспорттаған едік. Сол әріптестікті нығайтып, ынтымақтаса жұмыс істеуге қуана келісеміз, –

делді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өз кезегінде Джабер Нахма Абдуллах әл-Темими өнеркәсіппен туризм саласындағы қатынастарды жаңаша қарқынмен дамыту бойынша ұтымды ұсыныстарын алға тартты.

Бұдан бөлек, уақытша сенімді өкіл Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне барып, іргелі оқу орнын аралап көрді.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Бұқараға тарту – спорт кешені

Дене шынықтыру және спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, Президент тапсырмасы бойынша Приозерск қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде. Келер жылы қолданысқа берілетін спорт нысаны қала халқының саламатты өмір салтын ұстануына және бұқаралық спортты дамытуға мүмкіндік береді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Заманауи үлгідегі нысанда күніне 519 адам жаттыға алады. Көрермен орнының саны – 210. Жалпы ауданы – 2 441 шаршы метр. Ғимарат екі қабаттан және екі блоктан тұрады. Жоба 2024 жылы толығымен аяқталады.

Қазіргі таңда іргетасы мен 2-қабатының қабырғасы кірпішпен қаланып, толық аяқталды. Кешеннің жобалау құжаттамасына сәйкес, әкімшілік блокта техникалық персоналдарға, медбикелерге, төрешілерге және жаттықтырушыларға арналған бөлмелер, әйел және ерлерге арналған киім ауыстыру бөлмелері, душ, әжетхана, шынықтыру және күту залы қарастырылған.

Мұнда қазақ күресі, дзюдо, самбо, грек-рим күресі, бокс, көркем гимнастика, биіктікке секіру, үстел теннисі, бадмин-

тон, гандбол, баскетбол, футбол және тағы басқа үйірмелер болады.

– Жергілікті спортқа мұндай қолдау – өңірдің ішкі мүмкіндіктерін көрсетіп, спорттағы жетістіктерді еселеуге жол ашды. Бұқаралық дене шынықтыруды одан әрі дамытуға жағдай жасайды. Бұл – әлеуметтік салада жүзеге асып отырған мемлекеттік саясаттың бір айғағы.

Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз. Біз дарынды балалардың кәсіби спортпен айналысып, алаңсыз дайындалуы үшін жағдай жасауды жалғастыра береміз, – дейді Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұртай Стамқұл.

ПРИОЗЕРСК

Шектеулі мүмкіндіктің де шекарасы бар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ретте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіткенін айту орынды. Квотаны жергілікті атқарушы органдар сол аймақтағы кәсіпорындарға белгілейді. Мұнда кәсіпорындағы жұмыскерлердің тізім бойынша саны есепке алынады. Мәселен, 50-ден 100 адамға дейін қызметкері бар мекеме үшін квота мөлшері – 2%. Тізімде 101-ден 250-ге дейін адам болса, оның 3%-ы мүмкіндігі шектеулі болуы керек. Сонымен қатар, 251 адамнан артық жұмыскері бар ұйымдарда мүгедектердің үлесі 4% болуы тиіс.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған деректерге сүйенсек, қазан айының басындағы дерек бойынша 2%-дан 4%-ға квота аймақтың 49 ұйымында белгіленіпті.

– Бұлар негізінен, ауруханалар, мектептер, жекеменшік ұйымдар, коммуналдық шаруашылықтар. Бұларда істейтін барлық жұмыскерлер саны 6 256 адам болса, оларға 88 квота белгіленді. Квота берілетін ұйымдар тізіміне ауыр, зиянды жұмыс орындары кірмейді, – дейді басқарманың еңбек нарығын талдау және мониторинг-гілеу бөлімінің басшысы Айнагүл Ермағанбетова.

Жалпы, жыл басынан бері жұмыс іздеп 1 914 мүмкіндігі шектеулі адам жүгінген. Оның 847-сі жұмысқа орналасыпты. Мұның



«Заң бойынша мемлекеттік субсидия ай сайын төленіп отыруы тиіс. Алайда, мен бірнеше жұмыс берушімен сөйлестім, олар мемлекеттік субсидиялау жарты немесе бір жылда бір төленетінін айтты. Олар үшін бұл тиімсіз. Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жаны ашитын бірді-екілісі болмаса, көбісі олардың құжатымен, басқа да мәселелерімен жүруге ықпалдасыз».

ішінде 408-і бос жұмыс орындарына, 439-ы субсидияланатын жұмыс орындарын тапқан.

Айнагүл Ермағанбетованың айтуынша, субсидия әлеуметтік жұмыстарға, Жастар практикасына, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша бөлінген.

– Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында биыл мүмкіндігі шектеулі 700 адамды жұмыспен қамту жоспары тұр. «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негізін осы санатқа жататын 589 адам оқып шықты.

Қысқа мерзімді курстарға 32 адам жіберілді. Мүмкіндігі шектеулі 61 адамға грант берілді. Оның 42-сі мүгедек, 19-ы мүгедек бала асырап отырған отбасы, – деп атап өтті бөлім басшысы.

«Тең қоғам» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығының басшысы Нияз Сүндеталиев өткен тоғыз айда орталық арқылы 47 адамның жұмысқа орналасқанын жеткізді. Ол соңғы бес жылда жұмыс берушілердің мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа алу ниетінің жақсарғанын атап өтті.

• ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Жаңа автобустар – жолаушы игілігіне

Көк түтінін будактатқан ескі қоғамдық көліктерді қаладан таппайсыз қазір. Кешегі күнге дейін тозығы жеткен автобустар жолаушы тасымалдап келген. Кейінгі уақытта, тіпті, қала тұрғындары қынжылыс білдіріп, әлеуметтік желіге фото-бейнежазбаларын жүктеуді жиілеткен еді. Енді, ұмыт бола бастады. Қазір Қарағандыда жаңа автобустар жүйткіп жүр. Маусым сайын қаланың автопарктері жаңаруда. Бұл да алдағы Республика күніне орай жолаушылар үшін тартымды сый болды.

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында тағы да желіге №3 автопарктің 34 жаңа автобусы шықты. Олар №40, 43, 53 және 118-бағытында жолаушы тасымалдайды.

– Сарандағы зауыттан 34 жаңа автобус сатып алдық. Олар климатты бақылау, бейнебақылау жүйелерімен және ақылды камералармен жабдықталған. Мысалы, егер жүргізуші шаршаса, қалғып кетсе, темекі шексе немесе телефонмен сөйлесе, бұл камералар бәрін түсіріп, ереже талабы бұзылғаны туралы белгі береді. Осылайша, нақты уақыт режимінде барлығын қадағалап отыруға техникалық мүмкіндігіміз бар, – дейді №3 автобус паркінің бас директоры Артур Михайлович.

Автопаркте алты жыл бойы еңбек етіп жүрген Елдос Ертай жаңа автобустың жайлылығын айтады.

– Бұрынғы автобусым аса ескі емес еді, 2019 жылғы. Дегенмен, жаңа автобус жайлы. Түгел камерамен жабдықталған. Сараннан автобус шығарылғалы бері автопаркіміз жаңарып қалды. Әйтпесе, бұған дейін №70 бағыттағы автобусы жүргізгенмін. Ол тым ескі. Жолаушылар амалдың жоқтығынан мінетін. Онымен қоса, сынып, жөндеуде тұратын. Сол кезде автобус рейсі кешігетін. Жетіспеушілік болатын. Қазір оның бәрі өз шешімін тауып келеді, – дейді Елдос Болатұлы.

Жалпы, биылға облыс бойынша қала ішінде қатынайтын 195 жаңа автобус сатып алу жоспарланған. Бүгінде оның 95-і жолға шықты. Қалған 100 автобус жыл соңына дейін сатып алынып, қолданысқа беріледі.

– Жыл соңына дейін 100 автобустың 96-сын №3 автобус паркі, ал қалған төртеуін – «Рейс» ЖМ сатып алады. №3 автопаркі 36 автобусы қалааралық бағытқа шығарады. Яғни, бұл бағытта жүрген



ескі автобустар жаңарады, – дейді жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Қожанов.

Басқа аудан, қаладағы жолаушылар қатынасы да – назарда. Мәселен, былтыр Саран қаласына «QazTehna» зауытынан 11 автобус сатып алынып, қалаішілік жолаушы тасымалына берілген. Биыл Абай ауданына жыл соңына дейін «СемАЗ» зауытынан 8 автобус сатып алынбақ. Осы арқылы ауданішілік бағытта қатынайтын ескі автобустарды жаңарту көзделіп отыр.

– Бұдан бөлек, Балқаш қаласы бойынша да қалаішілік маршруттағы ескірген автобустарды толық ауыстыру мәселесі пысықталуда. «QazTehna» зауытынан өнеркәсіпті дамыту қорының жеңілдікті тегігі арқылы 29 жаңа автобус сатып алу жоспарлануда. Автобустар келесі жылдың басында Балқашқа жеткізіледі, – дейді Мақсұт Қожанов.

Бұған дейін «QazTehna» зауытынан №5 автопаркте 59 автобус жеткізілгенін хабарлағанбыз. Бұл жаңалық Пришати́нск тұрғындары ерекше қуанышты

болды. Бұған дейін осы бағытта қатынайтын №145 және №45 автобустардың дені ескірген еді. Қазір жолаушылар «Еуро-5» экологиялық стандартына толық сай жаңа көлікпен қатынап жүр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев №5 автопарктегі кездесуінде қоғамдық



көліктің жұмыс кестесін ұзарту керектігін тапсырған еді.

– Осымен үшінші жыл қоғамдық көлікті жаңартумен тұрақты түрде айналысып келеміз. Опау электронды билеттеу жүйесін енгіздік. Қалалық маршруттарда ғана емес, қала маңындағы маршруттарда да жол жүруді екі есеге жуық арзандатуға мүмкіндік жасадық. 18 жасқа дейінгі балалар тегін жүреді. Енді Пришати́нск тұрғындарының үйіне жетуі үшін автобустардың жұмыс уақытын 21.00-ге



дейін ұзарту мәселесі ғана қалды. Қалааралық автобустарды да жаңарту көзделген. Ең сұранысқа ие бағыттардың бірі – «Қарағанды-Теміртау» бағыты. Жакын арада Балқаш қаласының да автобус паркі жаңарады. №5 автопарктің иелері сол жерде де жұмыс істейді, – деді аймақ басшысы.

Жаңа автобустар жылдамдықты шектейтін құралдармен, жүріп-тұруы қиын жолаушыларға арналған көтергіштермен жабдықталған. Автобустар «Еуро-5» эко-

логиялық стандарты талаптарына толық жауап береді. Сыйымдылығы – 80 адам. Қай аялдамаларға қатынайтыны жайлы электронды тақтада көрсетіледі. Енді, қала ішіндегі автобустар жасыл болса, қалааралықтың түсі көк болады.

Қазір автопарк техникаларының 80 пайызы жаңартылған. Мұндай бағыттағы жұмыстар әлі жалғасады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тың жобалар іске асады



Теміртау қаласының әкімдігі жұмысының басым бағыттарының бірі – жеке инвестицияларды тарту арқылы жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашу.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сол мақсатпен биыл қаланың шығыс және батыс өнеркәсіп аймақтарында жеке инвесторлардың қаражаты есебінен жаңа өндірістік нысандарды салу мен ашу жұмыстары жүзеге асырылуда.

Осы орайда «ҚазМетКокс» ЖШС қалада «Дирексил» кокс өндірісін ұйымдастыру ісін жалғастырып отыр. Бұл жоба іске асқан күнде келесі жылдың бірінші тоқсанында 60 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Қалалық әкімдік өз тарапынан инженерлік желілерді жүргізу мәселесін шешетін болады.

Полимерлі бекіткіштер ампуласын өндіруді «ОКС Қазақстан» ЖШС жыл аяғына дейін іске қосу ойында. Бұл өнімдер тау-кен өнеркәсібінде үлкен сұранысқа ие көрінеді. Жобаның жүзеге асуының алғашқы кезеңінде 10 жаңа жұмыс орны құрылса, алдағы уақытта тағы көбейтіле береді.

Ал «Бетон СервисКЗ» кәсіпорны тауарлық бетон өндірісін ұйымдастырып, оның жекелеген түрлерін шығаруға кірісті. Мұнда да жаңадан 20 жұмыс орны құрылып, келесі жылы өндіріс көлемі ұлғайтылып, оның өнімдерін өнеркәсіптік және тұрғын үй құрылысының қажеттіліктерін көбейту жоспары бар.Тісінше жұмысшы саны да артады деген сөз бұл.

ТЕМІРТАУ

«Skills Enbek»: 2 мыңнан астам адам оқыды



Бір ай бұрын ғана ашылған «Skills Enbek» платформасы нәтижелі болып тұр. Бұл жерде «Күміс жас» жобасы аясында 50 жастан асқан қазақстандықтар одан әрі жұмысқа орналасу үшін жаңа дағдыларды тегін үйрене алады. Аз ғана уақытта оған 2,9 мыңнан астам адам тіркеліп, олардың 2,1 мыңы оқып, сертификат алды.

– Бұл республика бойынша ашылған жаңа платформа. Негізінен Қарағанды облысынан 120 адам бұл жүйеге тіркелген. Алдағы уақытта бұл сан еселей түсетініне сенімдіз. БАҚ арқылы ел естіп, бақтарын сынайды ғой, – дейді Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығы басшысының орынбасары Дәурен Қошқаралиев.

Мүгедектігі бар азаматтардың жеке көмекшісі болғысы келетіндер және мүгедектігі немесе созылмалы ауруы бар отбасы мүшесімен бірге еріп жүретіндерге арналған кәсіптік курстар бұл санаттағы азаматтар арасында көбірек сұранысқа ие.

«Сондай-ақ, жобаға қатысушылар бройлер балапаны мен жылыжайларда лимон өсіру, ара шаруашылығы және тағы басқа курстарда оқуды жөн көреді. «Skills Enbek» платформасындағы «Күміс жас» қосымша бетінде акпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы, қаржы, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету, маркетинг және туризм сияқты бағыттар бойынша 120-дан астам курстар бар», – дейді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Пайдаланушыларға курстан өткені туралы сертификат беру көзделген, ол Enbek.kz порталындағы түйіндемеде автоматты түрде көрсетілетін болады. Жұмыс беруші жұмыскерді іздеген кезде ізденушінің түйіндемесінен сертификаттары мен алған дағдыларын көре алады.

Айта кету керек, былтырдан бастап қолға алынған «Күміс жас» бағдарламасы бойынша Қарағанды облысында биыл 677 шарт жасалды. 730 адам жұмысқа орналастырылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Тәуелсіздік және Қарағанды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соның бірі – Оңтүстік-Шығыс ауданда этносаябақтың ашылуы. 2004-2005 жылдары қала өмірінде жаңа бір кезең мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама негізінде қала көшелерінде жаңа ескерткіштер пайда болды. Бұл ескерткіштер қатарында «Сүйінші», «Қобыз» композициялары қалаға жаңа рең берді. Еліміздің біртуар тұлғалары Қаздауысты Қазыбек би, Бұқар жырау ескерткіштері ел егемендігі тарихының бастауының айшықты белгілері болды.

Қазақстан тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне аяқ басты. Қарағанды қаласының бас жоспарында мыналар көзделді: тұрғындардың тығыздығын бір мезгілде төмендеті отырып, орташа алғанда тұрғын үй қорын 2015 жылы бір адамға шаққанда 20,6 м² дейін қамтылуға жеткізу арқылы халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту. Қала халық санының 98 мың адамға көбеюіне байланысты күрделі және жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының барлық түрлерін жөндеуді, оның ішінде, оның техникалық жай-күйін, моральдік тозуы дәрежесін және тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып, ескі тұрғын үй қорын қайта жаңартуды жүргізу; қоғамдық құрылыс пен көгалдандыру құрылысының қарқынын тұрғын үй құрылысының қарқыны есебінен дамыту көзделіп отыр. Қоғамдық және әкімшілік-іскерлік облыс орталығы қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде (45ға) Спасск тас жолы мен 7-ші магистраль арасында орналастырылады. Мұнда ірі бизнес орталығы құрылады. Бас жоспарда 640-700 мың адам халық саны есебінен есепті мерзімнен кейін тұрғын үйлер салу үшін резервтік алаңдар қарастырылған.

Қала дамуының ұйымдастырушылық-экономикалық пәрменді алғышарттарының бірі – Қарағанды және Қарағанды облысы маманданған қызметтер салаларында өңірлік кластерлерді құру болып табылады. Бизнесінің инновация-



лық-экономикалық белсенділігі бизнес орталықтары, технопарктер, ғылыми институттар, ЖОО-лардың жаңа технологияларды игеруі мен сапаның халықаралық стандарттарына көшуі күшейтілетін болады. Екіншіден, өңірлік маңызы бар жобаларға конкурс негізінде жеке капиталдық салымдар мен демеушілік қаржы белсенді түрде тартылады. Үшіншіден, белгіленген салықтық төлемдерге қосымша бюджетті толықтырудың тұрақты көзін құруға мүмкіндік беретін ренталық төлемдер тегін енгізу көзделді. Егер қаланың осу стратегиясын, азаматтар әл-ауқатының артуын, халық

санының, тұтыну сұранысының артуын негізге алсақ, аумақ ұдайы өсіп отырады.

Қаланың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты оның халқының санына тікелей тәуелді болып келеді. Сондықтан жергілікті билік органдары демографиялық жағдайды жақсартудың кешенді бағдарламасын әзірлейді, оған сәйкес бала туу санын көбейту, аурулар мен өлімді азайту, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған саясат жүргізіледі.

«Менің аулам» бағдарламасы әзірленген. Аукымды жобалық сәулеттік-жоспарлауды ұйымдастыру. Қаланың орналастырудың аумақтық ерекшеліктеріне (көмір

кен орындарына жақындығы) және оның жекелеген тұрғын үй аудандарының алшақтығына орай (Жаңа қала, Оңтүстік Шығыс, Михайловка, Пришати́нск, Майқұдық және Кырпатау) қаланың тұжырымдамасы тұрғын үй аудандары өзін-өзі ұйымдастыратын және өзін-өзі басқаратын жүйелер ретінде қарастырылатын көп орталықты ұйымдар ретінде көзделеді.

Қаланы басқарудың әкімшілік орталықтары және іскерлік белсенділіктің негізгі орталықтары Оңтүстік-Шығыс ауданына көшіріледі. Жоспарлауға қатысты қала аумағын ұйымдастырудың тікелей бұрышты-диагональді құрылымы қабылданған. Негізгі көлік магистральдарын басымдықпен мамандандыру көзделген: Бұқар жырау даңғылы – сауда, Гоголь көшесі – іскерлік, 7-ші магистраль – облыстық маңызы бар объектілер. Осы бір қала салу және функционалдық-технологиялық идеясымен Қарағанды басқа қалалардан ерекшеленетін болады. Қаланы аумақтық дамыту шығыс бағытында дамымақ. Тұрғын үй құрылысының басым бөлігін Оңтүстік-Шығыс, Майқұдықтың оңтүстік бөлігінде, Қарағандының Оңтүстік-Батыс бөлігіндегі алаңдарда салу көзделеді. Жаңа қаладағы халықтың тығыздығын азайту көзделуде. Қаланың индустриалды аймақтарын солтүстік-шығыс бағытта дамыту жоспарлануда. Қала шегінен тыс ұжымдық бакшалар мен инженерлік құрылыстар есебінен қала пайдаланатын жер көлемі ұлғайтылады. Бұл көлем – 8702 гектарға жетеді. Қалада 7 бақ, 28 саябақ пен гүлзарлар бар. Қала халқының жасыл желектерге мұқтаждығын жою әрі экологиялық жағдайды жақсарту үшін біршама жыл сайын жаңа ағаштар отырғызу дәстүрге айналған. Ел егемендігі халқымыздың ертенге деген сенімінен нақ көрінеді. Қарағанды қаласының дамуы бүгінгі күні соның бір айшықты дәлелі болмақ.

Темірғали АРШАБЕКОВ,
Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы



• ТАҒЫМ

Қараағаштың қара баласы

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Менің Базарбаймен етене араласқан кезім 2010 жылдың жазы еді. Мұхтар Мағауин Прагадан Шұбартауға келіп, біз Мағауия Сембай, Базарбай үшеуіміз сәлем беруге жолға шыққанбыз. Жезқазған қалалық сотының төрағасы Бақытбек Сыздықов бауырымыз да бізбен бірге жүрмекші еді, ол жұмысынан босай алмай, соның көлігімен Қарағандыдан Қарқаралы арқылы Баршатасқа шығып кеттік.

Сол жылы Мағауин жетпіске тұяқ іліктірген, Жезқазған телеарнасының басшысы Базарбай Әлеуханов сұхбат алмаққа видеооператорымен шыққан. Қас қарая келсек, Мұхаң киіз үйіне қайыстырып дастарқан жасап, күтіп отыр екен. Бақыт жемгіміз, немере, келіндері де осында екен. Дастарқан басында қазақ елі, оның өткені мен бүгінгі тағдыр-таланы, қазақ хәм әлем әдебиеті нақында біраз әңгіме өрбіген.

Абайдың Көпбейіт жайлауына да келдік. Сонадайдан Шыңғыстау көлбедеп тұр. Ақынды бұл жайлауға қондырған Мұханның бабасы Құрымбай ақсақал екен. Абай «Жаз» деген өлеңін осы жерде жазған. Қазақтың жаңа поэзиясы, ақын шығармашылығының соны дәуірі осы жайлаудан бастау алады.

Мағаштың қырық бергеннен кейін ақын ауырып, небары 59 жасында фөниден бақиға аттанып кетеді. «Басына тақиясы сыймай қалып еді», – дейді көзкөргендер, қан қысымынан қайтқан болуы керек?

Мұханның «Шөкәрім құдығында» айтқан әңгімелері сай-сүйегімізді сырқартты. Жендеттер оны атып тастағаннан кейін осы ескі Құрқұдыққа лақтырып тастап кетеді! Кейін



баласы Ахат құдықты екі күн қазаып, ақ жаймасын жайып, сүйекті мүше-мүшесімен түгендеп, Абайдың қасына жерлеген. Мен осы жерде Мұханның қолқалауымен «Поэзия демін ішке тартып тұр...» – деген өлеңімді оқыдым. Аруақ естіп тұрды, меніңше...

Сол жолы Мұхаң Абай жүрген жерлерді асықпай аралатқан. Бірде-бір ескі қорымды аттап кетпей, аруақтарға Құран оқыды. Соның бір кезегінде: «Енді сен оқышы?», – деген. «Мен бірде-бір дұғаны жатқа білмейді екем?» – дегем, жерде тесік болса, кіріп кете жаздап! «Сен не деп отырсың осы?», – деді Мұхаң

жақтырмай қалып. – Мұсылман баласы ата-баба басына дұға қылмай өтуші ме еді?! Құран сүрелерін тәржімалап жүргеніне қарап, «арабша қара таниды екен» деп ырза боп жүрсем, мұның ұяттау болған екен. Ең болмаса, «Ықылас» сүресін жаттап ал, – деп еді мені аяп!

Кейін соны жаттап алдым... Базарбай осы сапарында тірі жанға интервью бермейтін Мұхтар Мағауинмен телесұхбат («Алаштың алдаспаны») жүргізіп қайтты. Бұл бір мағауинтанудағы бағалы дүние болды. Егер ол жазба Жезқазған телеарнасының қорында сақталса, оны тарихи айналымға түсіру – марқұмның әріптестерінің азаматтық парызы болуы керек... Қаламы қарымды журналист, сатирик жазушы Базарбай Әлеу-ханның жазған-сызғандарын жинап, оқырман назарына ұсынар күн туды! Мынау Базкеннің алпыс

жылдығында жазған өлең еді, «Марқұмның аруағы ырза болғай!» деп, назарларыңызға қайта ұсынайын:

Базарбай марқұмға
Кетбұғы – Керегелі – қалың Найман,
Кейіннен Кім кеп саған малын жайған.
Бір бала бізден саған кетіп еді,
Жүр ме екен зәбір көріп залым байдан?
Кеудесі сол баланың өлең еді,
Думанға Ұлытауды бөлеп еді.
Қай өртке қапылыста барып түсті,
Көзсіз сол Қараағаштың көбелегі?
Алаш-ай, ала бөтен ынтымағы,
Алдыңнан әлі жарық Күн туады.
Найманмен кәріс қоса туған дейді,
(Арғынмен сонда бірге кім туады?!)
Кетбұғы – Керегелі – Найман елі,
Жоңғарды алдына сап айдап еді.
Ұлысқа Ұлытауда хан көтеріп,
Арқаны алаңсыз бір жайлап еді.
Төменде мама бие байлап еді,
Төрінде Тайжан бұлбұл сайрап еді!
...Сол ұлды кесірілі анау Кім мырзаға,
Көз түрткі қыла көрме, Найман елі...

Қарағанды. Күнгей. 22.09.2023 ж.

• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Бұқар жыры – Ұлт рухы

1985 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ел аузынан» атты жинақта «Бұқар бабаның соңғы өсеті» атты аңыз әңгіме жария болған. Мұнда қартайып шөгіп, Далба тауының Қорық бөлігінде Тәйкелтір шешенмен біраз қауымды жинап, Асан қайғының тәмсілін тілге тиек етіп, ел мен жер қасиетін, өзінің артық-кем кеткен жері болса ғафу қайран қылуын өтініп, соңғы аманатын өлеңмен білдірген екен.

Ол былай басталады: Ата-ананың қадірін балалы болсаң білерсің, Ақ тәніңнің қадірін жаралы болсаң білерсің. Бостандықтың қадірін жалалы болсаң білерсің... (Бұл жыр жолдары Шал ақын-да да бар. Бірақ өзгешеелеу). Енді жырдың барлық мәтінінен көзі ашық оқырман сезген болар деген оймен тізбелеп отырмын. Келесі кітап «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген жинақ. («Жазушы» баспасы. 1988 жыл).

Мұнда Абылай ханның Бөгенбай батырдың жүрдек атын бір жерге баруға сұрап алып, қайтармай қойғаны, оған батырдың қапа болғаны жөнінде айтылады. Жырау баба хан мен батырды татуластыру үшін мына жырды төккен екен.

Әй, Абылай, Абылай, Халқын жиып ептесе. Көтере алмай жүгін Батпаққа келгенде шөкпесе... болсын Хан болсын, қара Қайдан жақсы болады. Бір-біріне кездесіп, Болымсыз жайды сылтау ғып, Араз болып кектесе.

Осы жыр қос оғланды достастыруға, өкпесін ұмыттыруға сеп болған екен. Бұқар жырау жырлары сонау кеңес кезінен бері оқулықтарда, әдебиет сүйгіш қауымға етене таныс екені белгілі. Оның бірінші себебі Абылай ханды қатты сынға алуы болса, екіншісі «Орыспенен соғысып, басына мұнша көтерген, Халыққа жаулық сағынба» деген жыр жолдары ма деп тошпылаймын. Үнемі ерлік, елдік максаттарды арқау еткен толғаулар кеңес кезіндегі саясатшыларға керек болды-ау, шамасы. Әсіресе, ханды сынағаны. Бұл бүгінгі күнде де әр жерде тілге тиек етіліп жүрген тәмсіл болды.

Келесі жазбаны маған Қабі аға Құрманғалиұлы марқұм аманат еткен еді. Ол жыраудың башқұрт ақыны Байық шешенмен айтысы. Оны архивтен тапқан ғалым, өлкетанушы – Серік Жақсыбаев марқұм. «Сонау жылдары Уфа қаласына жолсапармен барып, осындай қазынаға кезігіп, көпке жария еткен-ді. Байық башқұрттың бас ақынының бірі, бес ағайынды болған. Тайып деген інісі бір шонжардың қызымен әмпей-жәмпей болып, қазақ жеріне бой тасалайды. Інісімен бірге Байық та қашады. Өздері әрі-сәрі болып жүргенде Бұқарекенмен кезігіп, кеуей сөз қағысады.

Естек болдың, бар болдың, Кең далада зар болдың. Өзіңе жұмбақ айтайын, Тапсаң, ұлым етейін, Таппасаң, құлым етейін... Бұқарекен қойған жұмбағы «қос ағаш, оның тамыр басы бір қазанға сыймайды, ол нені меңзейді» деген сынайда.

Қос ағашым дегенің – Кең далада қос ылаш, (күрт кептіретін өре) Қос ағаштың қос басы Тап Алаштың қасқасы – Бір қазанға қоспасын Салып бірге қайнатқан. Тоқалай құйеу сыйлатқан, Абылай сұлтан хан екен...

Сөз қағыстың ұзын-ырғасы осы. Алайда, қазақ билері Байықты іздеттіріп, індеткенде, ол еліне тайдып тұрады. Бұл сөз қағыстың да жырау өміріндегі алатын орны ерен деп ұққайсыз. Өзінің ұлыларының әрбір жүріп өткен жолы, ғақли сөзі жұрт үшін өнеге, жәдігер.

Дана халқымыздың даналық пәлсапасын кең көлемде толғаған Бұқардай әулиенің ғақли сөздерін талай тәпсірлегенбіз. Бізден бұрын да Ғұлама ғалымдар айтқан. Біздікі – солардың ләмін қайталау емес, өз тарапымыздан жана ұстынмен, бояумен әдемілеу. Бұқарды пірім деп соққан жүрекке дауа болар, бірнеше жылдан бері

койын дәптерге қаттаған мына жырларды тізбектейін: Алдымызда Бөгенбай, Жолы үлкен аға ғой. Арғын, қыпшақ елінің Бағына туған дана ғой. Бөгенбайды өкшелеп, Арғыннан шыққан Бұқармын, Ақындыққа келгенде Жыраудың көбін ұтармын. Қ.Мұхаметханов сынды даңғайыр ғалымның мақаласынан алынды. (Қай жылы, қай кітап, газет екені есте жоқ) Мұнда Бұқардың Бөгенбайдан жасы кіші екені айтылған. Бұл да даулы мәселе. М.Мағауин «Жұлдыз» журналы 2000 жылғы №10 санында мына өлең-жырды Бұқардікі деп мөрлейді.

Қыста соғым соймаған, Марқа етіне тоймаған. Ас қадірін біле ме? Бөрілі таудан аспаған, Белдеуге қылыш баспаған, Ат қадірін біле ме? Жайлап жерге жатпаған, Дәмді тағам татпаған, Жат қадірін біле ме?

Міне, сізге сөз байлығы мен сөз қадірі, ар қадірі. («Егемен Қазақстан» газетінің биылғы жылдың 3 наурыз күнгі санында ғалым С.Негимовтің «Бұқар жырау даналық ғибратнамасы» атты та-нымдық мақаласы жария болды. Бұл жазбаның ерекшелігі баршаға белгілі «11 тілек» толғауының «Он үш» тілек болып өрілуі. Нұржан Батқарин әктебелік зиялы, ғалым Қ.Жұбановтың туысы екен. Кезінде Қаракерей Қабанбай көз жұмғанда Бұқарекен үш жүздің жақсысы мен жайсаңына айтқан өсиетін Нұржан баланың мойнына тұмқар етеді. Соқыр өкіметтен қорыққан Қ.Жұбанов мәтінді өртеп ана баланың есіне сақтап, жаттап алғанын қалайды. Ол оқиға солай болған да екен. Бұл толғауды толық бергенді жөн көрдім.

Бірінші тілек тілендер, Бір Аллаға жазбасқа. Тағы да тілек тілендер, Еш пендеден қарғыс алмасқа! Үшінші тілек тілендер, Өзіңнен туған ұл мен қыз, Ағайын, тума, жекжат, жұрағат. Бауырлас адамдар қисық жолды баспасқа!

Үшінші тілек тілендер, Жастарың жетпей үшкілсіз көйлек қимеске!

Төртінші тілек тілендер, Төрде төсек тартып жатпасқа! Бесінші тілек тілендер, Жас бала шырылдап, Жетім қалмасқа! Алтыншы тілек тілендер, Ағайын, тума, жекжат, жұрағат Қисық ауыз, қиғаш қабақ болмасқа!

Жетінші тілек тілендер, Желкілетіп ту алып, Жер қайысқан қол келіп, Қырғын соғыс болмасқа!

Сегізінші тілек тілендер, Дінімізден, тілімізден ар-ұят, Адамгершілігімізден айырылып, Мәңгірт болып қалмасқа. Тоғызыншы тілек тілендер, Еңбектеген бала мен емпендеген қариялар,

Бағусыз далада қалмасқа! Онының тілек тілендер. Оймақ ауыз, қиғаш қас, Жас жұбайлар бір-бірінен айырылып,

Зарлап жесір қалмасқа! Он бірінші тілендер, Некесіз бала тумасқа! Он екінші тілек тілендер, Некеде талақ болмасқа! Он үшінші тілек тілендер, Сары жамбастар мен сұр бойдақтар болмасқа!

Бұдан көріп тұрғандай 13-тілектің бірінші нұсқадан өзгеше екені. Идеясы бір болғанымен сөз сағатасы, құрылым, бунақ, тармақ, т.б. қажетті әдеби көркемдегіш құралдардың кемшін екені көрініп тұр. Меніңше, айтушы не жеткізуші адамның мүкістігі деп ұқтым. Дегенмен, идея белгілі. Сонымен, ұлы жыраудың жырын ту еткен жыр сүйір әлеуметке! Бұқардың осы жырларын қандай да томмен келесі басылымдарға басқызсаңыз. Өлбетте, аңыз әңгімемен қоса. Одан ұққанымыз көп болар еді. Менің көптен бері айта-пақ болған негізгі ойымның діні осылайшы өрбіді. Алла қуат берсе, әлі-ақ талай жәдігер жолығар.

Қалиасқар ШЫНЫБЕКТЕГІ, бұқартанушы, композитор

Өлмейтін жанның жаназасы

Ерсін МҰСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Қайран, Базаға! Арқа журналистикасының базары да, ажары өзін едің... Сол ортаның базары кеміп, ажары тайғалы 40 күн өте шығыпты-ау. Ұлытаудың ұнжырғасы еңкіш тартып, жампозынан айырылған Жаңаарқа жабырқап, ақынның алтын бесігі қасиетті Қараағашқа қаралы көш келгелі – 40 күн. «Атқан оқтай, шапқан аттай» зымыраған уақыт... Содан бері табиғат-ананың да көз жасы

Марқұм Тілеухан Жүсіповтің редактор болып тұрған кезеңінде келіп, ақиқаттың алдаспаны Нұрмахан Оразбековтің батасын алған шәкірті. Міне, сол жылдардан Алаш жырының ақтангері Ақсұнқардың Серігіне іні, Арқа баспасөзінің алыбына айналған Мағауия Сембайға дос болып, ұлт руханиятының көрнекті өкіліне айналды. Базағанның қаламының жорғалығын, сатирадағы уытты тілін қазақтың Мұхтар Мағауині жоғары бағалаған.

Жалған дүние-ай! Осынша қажыр танытқан қасиетті қа-



тыйылған жоқ. Келмеске кеткен кекілді ұлын жоқтап тұр.

...Белгілі ақын, парасатты публицист, сатира сұрмергені Базарбай Әлеуханұлының журналистикадағы сара жолы біздің «Орталықта» басталған. Зауытта құрылыс инженері болып қызмет істеп жүрген дарынды жастың жазған-сызғаны ара-тұра «Орталыққа» жарияланып тұрады екен. Бірде өлеңі жарық көреді, бірде «екпінді құрылыс» алаңнан (кеңестік жүйенің ұраншыл идеологиясы осылай атаған) хабар-ошар жөнелтеді. Базағанның «балағының биті бар» екенін аңдап қалған обкомның хатшылары оны аттай қалап, газетке шақырған.

ламның қаңтарылғанына да – 40 күн...

...Тірінің парызы көп атқаратын, Жақсыны жауға бермей, жақта, жаным! Өмірге босқа келіп кеткендер көп, Арасын ажыратпай ақ-қараның. Бұл – Базарбай ағаның «Парыз» атты өлеңінің алғашқы шаруамағы. Өзіне парыз болған ардың жүгін парасатпен пайымдайды да: Келіппін әке-шешем өлмейді деп, Бір туған қазан-ошақ бөлмейді деп.

• КЕЗДЕСУ

Қарағанды көгінде ән қалықтап...

Қарағанды жұрты акын Вера Голобородьконы жақсы біледі. Қалам ұстаған жан ақынның нәзік жүрегiнен шыққан өлеңдерiн бiрден жазбай таниды. Тiптi, сөзiне жазылған әндерiн әр кеште ән сүйер қауым тебiрелiп шырқайды. Оқырмандары сағынса керек, ақынын ортаға алып, шығармашылық кешiн өткiздi. Кеш қала әкiмдiгiнiң қолдауымен ұйымдастырылды.

Ерiк НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Вера Александровна – төрт кітаптың, әрі алты поэзия жинағының авторы. Сонымен қатар, ақынның «Не говори мне ни о чем», «Меня никто так сильно не любил», «Зачем мне ты сказал?» және «Детство» атты туындыларына ән жазылған. Одан бөлек, «Мой бульвар» атты туындысынан вальс ырғағындағы тамылжыған ән дүниеге келді.

Кеш шымылдығын акын «Менің Қарағандым» поэма-сымен ашты. Ақынның бірінші кітабы 2012 жылы «Душа рани-ма, что греха таить» атауымен



• ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Тігін фабрикасының түтіні түзу

Абай тігін фабрикасы облыстағы бірден-бір жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны болып табылады. Жиырма жылдай қаңтарылып тұрған ол бүгінде енесісін тіктеп, түтіні түзу ұша бастады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешегі кеңес заманында оның атағы одақ көлеміне аян еді. Жылына ерлер мен әйелдердің, балалардың 2 миллион дана киімдерін, төсек-орын жабдықтары мен жұмыс киімдерін тігіп шығаратын бұл өндіріс орнында 2,5 мыңнан астам адам жұмыс істейтін. Бұл өнімдер Қазақстан ғана емес, кеңес одағы елдерінің бәріне тоқтаусыз жөнелтіліп жататын.

Содан 1997 жылы банкрот болған фабрика қашан иесі табылғанша тоқтап, тұрды да қалды. Тек 2017 жылы «Стежок» ЖШС оның өнеркәсіптік кешенінің бір бөлігін «Каспий Банк» АҚ-дан жылдық 12 пайыз төлеммен сатып

алған соң ғана тамырына қан жүгіріп, жұмысы жанданды.

Мұнда 2018 жылдан бастап, өндірісті қалпына келтіру қолға алынып, өткен 5 жыл ішінде 16 мың шаршы метр өнеркәсіп алаңының 5,5 мың шаршы метрі қайтадан қатарға қосылды. Соның нәтижесінде 2019 жылдың 3-тоқсанында 80 адам жұмысқа қабылданса, қазір олардың саны 100-ге жетіп отыр. Олар тігіп, шығарған өнімдерді сату үшін фабрика жанынан Instagram парақшасында интернет-дүкені мен Қарағанды қаласындағы Бұқар жырау даңғылы, 49-үйде шоурумы бар.

– Бізде кадр тапшылығы жоқ, – дейді аталған фабриканың директоры Нұрхан Жұмабеков. Фабрикаға қажет тігіншілер мен слесарь-жөндеушілер Абай аудан-

дық жұмыспен камту орталығы арқылы жұмыссыздар есебінен даярланса, 2021 жылдан Абай көпсалалы колледжінде «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» факультеті ашылды. Биылдың өзінде аудандық әкімдікпен бірлесе 4 рет бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін өткіздік.

Одан әрі фабриканың тыныс-тіршілігімен танысқанымызда, бір қабатты тұтас алып жатқан тігін цехындағы қайнаған қызу тірлікке куә болдық. Тігіншілердің саусақтары машиналарымен қоса жүгіріп, жандарында олардың қимылдарын бақылап, үйренушілердің қарасы да көзге шалынады. Ал дүкендерінде фабриканың «Абай» белгісімен тігілген өнімдері самсап тұр. Соның ішінде сәбидің жейдесінен бастап

жарыққа шыққан болатын. Бұл кітапта автор өміріндегі барлық естеліктерін жырмен өріп, басып шығарыпты. Осы кітабы жайлы іс-шара барысында автор кеңінен тоқталып, кітаптағы «Молитва», «День начинается с утра», «Любое дело надо делать честно» атты туындыларын оқырмандарына оқып берді.

Сонымен қатар, қаладағы №85 мектеп оқушысы Полина Ермолова ақынның «Моя отчизна» атты туындысын жатқа оқыды. Оқушылар сарайының «Созвездие» вокал тобы ақынның сөзіне жазылған «Детство» әнін шырқалды. 2016 жылы шыққан «Жизнь. Любовь. Судьба» атты кітабынан алынған жыр топтамасын мектеп оқушылары көпшілік алдында жатқа оқыды.

Вера Александровнаның поэзия кітабынан бөлек, 2021 жылы «В поисках истины» атты проза бағытындағы кітабы шыққан болатын. Бұл кітапта автор өзінің басынан өткен оқиғасын баяндайды. Бұдан кейін 2021 жылы осы бағытта жазылған «Не забывайте о войне» атты кітабы жарық көрді.

ҚАРАҒАНДЫ



мектеп оқушылары мен полицейлердің формасы, дәрігерлердің халаты, жастықтар мен матрастарға дейін бар. Мұндағы тігіншілер сол орындаған жұмысына қарай 100-350 мың теңге аралығында жалақы алатын көрінеді.

Тігін фабрикасының директоры Нұрхан Жұмабековтің алдағы жоспарлары да үлкен. Ол өндіріс көлемін ұлғайтып, келешекті жүн өңдеу және жіп иіру цехтарын ашпақ ойда. Бірақ оның бұл талабына мемлекет тарапынан қолдау болмай, әзірге өз күшімен тірлік жасап жатқан көрінеді. Сондықтан да аудандық, облыстық әкімдіктер елімізде кеңінен дамып, өркендей қоймаған осындай өндіріс орындарына көңіл аударатын кезі жетті.

Абай ауданы



• ДЕНСАУЛЫҚ

Ауруханаға қомақты қолдау


Жыл басынан бері Балқаш қаласының көпсалалы ауруханасына республикалық бюджет есебінен 25 заманауи медициналық жабдық сатып алынды. Олар перзентханада, реанимация, неврология, травматология, хирургия мен оналту бөлімшесінде орнатылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Медициналық құрылғылар «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында алынды. 2025 жылға дейін қалалық аурухананы жаппы сомасы 3 млрд. теңге болатын 124 медициналық жабдықпен қамтамасыз ету жоспары тұр.

– Бұл жолы біз сарапшы санатына жататын бірнеше УДЗ,

ФГДС аппараттарын алдық. Сонымен бірге, колоноскоп пен бронхоскоп, шала туған балаларға арналған жасанды тыныс алдыру аппараттары келді. Бұдан бөлек, шала туған балалардың алғашқы сағаттарында көмек беретін Т-жүйесі де жеткізілді. Аппараттардың басым бөлігі перзентханаға қойылды, – дейді аурухана директоры Серікбол Түсіпбеков.



Оның айтуынша, емдеу мекемесі 150 мың адамға қызмет көрсетеді. Қандай да бір жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер де осы ауруханаға жеткізіледі екен. Оның үстіне, қалада ірі кәсіпорын бар. Сондықтан, мұндай қолдаудың маңызы зор.

Жанартылған медициналық жабдықтар диагностиканың дәлдігін және пациенттерді емдеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ал, қала тұрғындары медициналық қызмет үшін облыс орталығына сабылмайтын болады.

БАЛҚАШ

• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Тоғыз жыл тоқтаған жоба

Приозерск қаласындағы кәріз суын тазартатын станцияның құрылысы биыл аяқталатын болды. 9 жыл бойы тоқтап тұрған жобаны жүзеге асыруға қазынадан қосымша 100 миллион теңге қаражат бөлінген.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ақан Жүсіповтің айтуынша, кәріз суын тазартатын станцияның құрылысы 2014 жылы басталып, 2017 жылы іске қосылуы керек еді. Нысанның жұмысына бұған дейін 2 миллиард теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Станцияға қажетті қондырғылардың басым көпшілігін Еуропа елдерінен алу жоспарланған. Алайда, валютта бағамының күрт өсуіне байланысты құрал-жабдықтар қымбаттап, жоба аяқсыз қалған. Биыл жобалық-металл құжаттарға қайта түзетулер енгізілген.

– Жабдықтар қымбаттағаннан кейін нысанға 100 миллиондай қосымша қаржы бөлінді. Іске қосу жұмыстарына дайындық жүріп жатыр. Бұл жердегі негізгі мақсат – қоршаған ортаны және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту. Қазір станция басында электр желілерін тартып, қондырғыларды іске қосу жүріп жатыр. Жыл соңына дейін нысан дайын болады.

Бірақ, толық өндірістік қуатына келесі жылдың көктемінде шығады, – дейді Ақан Жүсіпов.

Мамандардың мәлімдеуінше, кәсіпорын тәулігіне 8 мың текше метр кәріз суын тазарта алады. 14 мыңға жуық тұрғыны бар Приозерск қаласының тәулігіне 7,5 мың текше метр қалдық су шығады. Әзірге, оның барлығы ескі әдіспен іргедегі тоғанға құйылып жатыр. Қазіргі таңда қалдық сулар қоршаған ортаға айтарлықтай зардабын тигізуде. Жазда жасанды көлшіктен шығатын қолқаны қабатын сасық иіс қалаға дейін жететін көрінеді.

– Алдағы уақытта станция іске қосылса, бұл жағдайдан түбегейлі құтыламыз. Тазартылған техникалық суды кейін қайтадан қалаға жіберіп, түрлі мақсаттарға пайдалануға болады. Бұл, біріншіден, ауыз суды үнемдеуге мүмкіндік береді. Қалдықсыз өндірісті құру үшін тағы да қосымша қаражат қажет, – деді станция басшысы Амантай Иманғалиев.

Айта кетейік, станцияның тағы бір ерекше әлеуеті құрамындағы биогумусты сүзіп алып, тыңайтқыш жасайды екен. Сондықтан да, келешекте нысанның маңынан жылыжай салу жоспарланып отыр.

ПРИОЗЕРСК

• ҚЫЛМЫС

Ұры алысқа ұзамады

Жетісу облысының тұрғыны, 1987 жылы туған азамат А.Иванов белгісіз біреу Қарағанды қаласының теміржол вокзалында смартфонның ұрлап кеткенін айтып, полицияға жүгінеді.

Қарағанды-Сұрыптау станциясы желілік полиция бөлімінің патрульдік полиция взводының командирі, полиция аға лейтенанты А.Кенжановтың басшылығымен қызметкерлер оқиғаға дереу ден қойып, күдіктінің жеке басын және оның әрі қарай жүрген жерін тез арада тауып анықтады. Күдікті Майқұдық ауданындағы базар маңынан ұсталды. Полицейлер бұл арқылы

жасалған қылмысты ашып қана қоймай, ұсталған азаматтың ұрланған смартфонның қайта сату жөніндегі қылмыстық ниетінің алдын алды.

Азамат А.Иванов Қарағанды-Сұрыптау станциясының ЖПҚ қызметкерлерінің жедел әрекеті, кәсіби шеберлігі мен қызметке деген адалдығы үшін алғысын білдірді.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Объявление

В охрannное агентcтво ТОО «Альфа KZ AB Security» тpeбуетcя охрannики нa охрannу объектa в г.Темиртау. Зaрaботaннaя плaтa нa руки 70 000 теңгe. Официaльнoе тpудooуcтpойcтво, пoлный coц.пaкeт.

Тaкжe тpeбуютcя охрannики-вoдитeли ГБР в пocелoк Южный. Oклaд 80 000 теңгe нa руки. Официaльнoе тpудooуcтpойcтво, пoлный coц.пaкeт.

Тeлeфон: 8-777-277-99-92, 8-7213-93-42-19. Oбpaщaтьcя c 08:00 дo 18:00 чaсoв.

№256

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүк көліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

ЕЗ АРАҢ ШИНАЛАР

САТПАЙМЫЗ, ЕЗ АРАҢДАҒЫ БАҒАҒА САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтнaя көш., 22, дүкен: Бывoвaя көш., 14/1

тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



• МЕРЕЙ

Спорт ардагеріне – құрмет

Спорт ардагері, Қазақстан Республикасының жүзден Құрметті жаттықтырушысы, отандық спорттың дамуына үлес қосқан Валерий Громов 70 жасқа толды. Осыған орай Нұркен Әбдіров атындағы кешенде салтанатты жиын өтті. Жиынға қайраткердің үзентілес достары, шәкірттері қатысты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Рустам Қожабеков мерейтой иесін құттықтады. Алғыс хатты табыстап, иығына шапан жапты.

– Валерий Громовты бүгінгі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айта кету керек, осы жақында ғана өткен облыстық мәслихат сессиясында Валерий мырза Қарағанды облысының Құрметті азаматы атағына ұсынылған болатын. Сіз – бұл марапатқа әбден лайықсыз. От-

басыңызға амандық, деніңізге саулық тілейміз, деді – облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Рустам Қожабеков.

Спорттан бөлек, мемлекеттік қызметте де тер төккен. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты болып жүргенде спорт туралы заңдарды әзірлеуге, спортшыларды құқықтық тұрғыдан қолдауға белсене атсалысты. Әріптестері оның өзі ісінің білгірі, еңбеккор және шыдамды азамат екенін айтты.

– Әріптесіміз, досымыз. Қанша жыл өтсе де бір-бірімізбен хабарласып, жағдайымызды сұрасып тұрамыз. Жайсаң. Айтқан сөзінде тұратын, алған бетінен қайтпайтын қайсар. Сол мінезімен, қажыр-қайратымен отандық спорттың дамуына орасан үлес қосты. Мұндай азаматтардың еңбегі лайықты бағалануы тиіс, – деді досы Ерғали Бөлегенов.

– Валерий мырзаның адамгершілігі бір төбе. Кезінде талай дарынды, еңбеккор, талабы таудай жігіттерді байқап, жұмысқа алған. Кейін олар тізгін ұстап, ел игілігі үшін қызмет атқарды. Мерейтой иесінің жақсылығы көп. Маңайын таспен емес, доспен қалаған, – деді облыстық суға жүзден олимпиадалық резервтегі спорт мектебінің басшысы Молдабек Шәрімов.

Шара соңында мерейтой иесі жиналғандарға алғыс айтты.

– Менің спорттағы жетістігім көп. Осындай жетістікке жету үшін еңбектендім. Еңбектене жүріп, ешкімге зиян келтірмеу қажет. Яғни, барынша қайырымды, жұмсақ, адал жан болу шарт. Азаматтық болмаса, бәрі бос. Мені құттықтауға келген баршанызға рахмет! Соңымнан ерген шәкірттеріме сәттілік тілеймін, – деді мерейтой иесі.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Кореяны қайран қалдырды

Оңтүстік Корея елінің Чонан қаласында өткен халықаралық би фестивалінде қарағандылық «Аққу» ансамблі күміс жүлдеге ие болды. Жалпы, сайысқа 16 команда қатысты. Ондағы он команда соңғы айналымға жолдама алды.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық фестивалге тек фольклорлық өнер ұжымдары ғана қатысқан. Ал, қазақстандықтардың намысын «Аққу» би ансамблі мен «Арқа сазы» фольклор-

лық ансамблі қорғады. Біздің өнерпаздар Оңтүстік Кореяда ұлттық киімнің 5 түрін көрсетті. Сайыс көруге жиналған барша көрермен қауым мен қазылар алқасы қа-

зақтың би өнері, халық аспаптары және ұлттық музыкасымен танысты.

– Кореяның көрермендері келіп, бізден «Мынау қандай шығарма, авторы кім, композиторы кім?» деген сұрақтар қойып, қызығушылық танытты. Тіпті, біздің қатысушылармен фотоға түсіп, алғыстарын жеткізді, – дейді Қарағанды концерттік бірлестігі бас директорының орынбасары Баян Ахметжанова.

Ал, «Би импровизациясы» аталымында жеке сайыста жүлделі орын қазақстандық Жәнет Оралға бұйырды. Бұл да әлемдік додада қазақ елінің абыройын асырды.

– Қазақ бишілерінің әрбір қимылдары бізді әдемі әсерге бөлеп, жанымызды жадыратты. Би – жанның тілі. Олар өмірді би арқылы көрсетіп, көркем қимылдармен әрлегендей болды, – деп баға берді Чонан мэрі Пак Сан Дон.

Жалпы, шетелде өткен би сайысын небары 5 күнде 870 мыңнан астам адам тамашалаған. Жарыс қорытындысы жарияланған соң көрермендер мен өнерпаздар дәстүр бойынша бірге биледі. Чонан қаласындағы келесі халықаралық би фестивалі 2024 жылдың қыркүйегіне белгіленді.



Тай жарыстың дүбірі

Бұқар жырау аудандық мәдениет үйінде «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының бастамасы хәм аудандық білім бөлімінің қолдауымен аймақтық «Туған жерім – мақтанышым!» тақырыбында аймақтық айтыс өтті. Жыр сайысы «Руханият» қосымша білім беру орталығының «Төрт тоқсан – төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында ұйымдастырылған.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараны облыстық білім басқармасы «Сарыарқа дарыны» қосымша білім беру орталығының басшысы Нұркен Ашықбаев пен аудандық білім бөлімінің басшысы Қаламқас Оспанова құттықтау сөзімен ашты.

– Мұнда оқушылар арасында айтыс өнеріне икемі бар жастарға өз мүмкіндігін көрсетіп, талантты дамыта түсуді көздеді. Көрермен де қалың болды. Оқушылардың айтысқанын тамашалаудың өзі бір ганибет екен. Арасында сөзден кідіру немесе керісінше, тоқтамай жырлай жөнелу сынды қызықты тұстар да болды. Есесіне, әр бала өз мүмкіндігін паш етті. Сасқалақтамай ұтымды сөз айтып, мәселе көтере білген қатысушылар ақтық сынға өткізілді. Қыз бен жігіттің айтысы да әсерлі өрбіді. Жыр, дастан жаттап сайысқа қатысып жүрген айтыскерлер сөз саптауынан аңғарылып тұрды. Бұл жоба әлі жалғасын табады, – деп атап өтті «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының маманы Серікжан Дамысханұлы.

Ауқымды шараны ақын Айтбай Жұмағұл тізгіндеді. «Айтыстың ақтангері» Дидар Қами арнау айтты. Ағаларының ізін жалғаудан үмітті 20 жас айтыскер өнерін ортаға салды. Ақтық сынға суырылып, алты үміткер шықты.

Айтысқа қатысқан өрендер шамасы келгенше шапты. Балақайлардың аяқ алысы жаман емес. Мақтай жөнелуден аулақпыз. Кей тұста буын саны жетпей қалса, кей-кейде ұйқастан сүрініп жатты. Әрине, көш жүре түзеледі. Осылардың арасынан айтыстың дүлдүлдері шығуы әбден мүмкін. Ол үшін сөз аламанана

жігі түсіп, ысылу керек.

Айтыс қорытындысында, жүлделі III орынға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектептен Аңсар Әбдірахман, Көкпекті орта мектебінен Асылнұр Сайлау, «Руханият» орталығынан Ұлан Қазыл ие болды.

Ал, II орын жүлдесін «Мирас» өнер мектебінен келген қос өнерпаз Аружан Коля мен Дарын Дәулен жеңіп алды.

I орын биігінен сөз саптауы мен өлең өруі бөлектеу болған Тілек Мәлік көрінді. Тынбай ізденсе, жұлдызы жанайын деп тұр екен.

– Кейінгі жылдары айтыстан оқушылар көрінбей кетті. «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы жақсы мүмкіндік болып отыр. Бірінші тоқсанды айтысқа арнап, тапсырма бердік. Тапсырманы үздік орындаған оқушылар осы айтысқа шақырылды. Бастамасы жаман емес. Ақтық сынға өзіне сенімді балалар шықты. Тілек Мәлік пен Дарын Дәулен көзге түсіп жүрген талапты өрендер. Десе де, ойланғанның жоғары деңгейі көрдік. Аружан Коляның өнерін арынды ақын Мақсат Аханов жақсы бағалады, – дейді Дидар Қами.

С.Торайғыров атындағы тірек мектебінің оқушысы Ерасыл Игілікке, «Руханият» орталығының шәкірттері Аружан Берікбаева мен Виктория Аленинаға, Үштөбе тірек мектебінен қатысқан Әділ Әбдірахманға арнайы сыйлық табысталды.

Қыз бен жігіт айтысының көркін келтірген қатысушыға облыстық оқу әдістемелік орталығының директоры Бақытгүл Әбдікерева өзінің арнайы сыйлығын тарту етті.

• ТУРНИР

Арқа балуандары көш басында

Қарағандыда республикалық деңгейдегі балуандар додасы өткен еді. Турнир қазақ күресінен спорт шебері Серік Мамашевті еске алуға арналған. Боз кілемде 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер белдесті. Додаға республиканың түпкір-түпкірінен 200-ге жуық балуан қатысты. Осы додада Қарағанды биік тұрғыдан көрінді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, Серік Мамашевті еске алуға арналған турнир ел аумағында осымен бесінші жылы қатарынан ұйымдастырылып отыр. Ал, Қарағандыда бірінші рет жалауын көтерді. Тартысты додаға Арқа өңірінен жалпы жетпістен астам спортшы қатысты. Барлығы да – аудандық, облыстық деңгейде олжа салып жүрген саңлақтар. Республикалық турнирде де өз өңірлерінің намысын қорғап қалды. Бапкердің де, соңындағы жанкүйердің де үмітін ақтады. Солардың бірі – Арнұр

Ернарұлы. Ақтоғай ауданының тумасы. Атасы мен әжесінің қолында ержеткен ол бала кезінен спортқа үйір болғанын айты. Қазақ күресімен екінші сыныптан айналыса бастаған. Содан бері қол үзбеген. Мақсаты айқын: ел намысын әлемдік деңгейде қорғайтын балуан болғысы келеді.

– Келешекте байрақты додаларда топ жарғым келеді. Бұл – басы ғана. Тек еңбектену қажет. Мен осы турнирде жеңіске жетуді мақсат еттім. Мақсатыма жеттім. Осы спорт түрінің қыр-сырын үйренемін. Бапкерім – Қайрат Қинаятов. Бапкеріме зор алғысымды білдіремін. Ол – бапкер



ғана емес, өмірлік ұстаз. Спортта қалай тәртіпке баулыса, өмірде де тәртіпті болуды талап етеді. Қазақ күресі жасай

берсін! Қазақстанның нымысын қорғап, байрағымызды желбіретер күнге жеткім келеді, – деді Арнұр Ернарұлы.

Ұлттық спорт мамандарының пікірінше, Арқадағы қазақ күресінің мектебі мықты. Саңлақтарымыз ел аумағында зор беделге ие. Турнирдің бас төрешісі де сол пікірде.

– Арқадағы балуандардың жұлдызы жарық. Оған куәміз. Республикалық, тіпті, халықаралық турнирлерде топ жарып жүрген спортшыларымыз баршылық. Боз кілемнің шеберлері өз мықтылықтарын дәлелдеп жүр. Мына турнирдің нәтижесі – осы сөзімнің дәлелі. Қарағандылық спортшылар тағы да үздіктер көшнін басына жайғасты, – деді бас төреші Абай Төлегенұлы.

Қарағанды облысы бұл турнирде медаль саны бойынша кестеде бірінші орыннан көрінді. Балуандарымыз 5 алтын, 4 күміс және 10 қола жеңіп алды.

Суретті түсірген автор.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИЙ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJKBZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 115 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Алуан СОВЕТ**